



599

Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары; астарынан өзендер агатын Ғадын жаңнанттары. Олар онда мүлде қалады. Алла олардан разы, олар Алладан разы. Осы сыйлық Раббынан қорыққан кісі түшін. (8)

99-ЗІЛЗАЛ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Сегіз аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Жер сілкіндірліп қозғалған сэтте,

- (1) Жер ішіндегі жүгін шыгарған сэтте, (Қазыналар, өліктер.) (2) Адам баласы: "Бұған не болды?", - деген сэтте; (3) Ол күні жер, уақиғасын түсіндіреді; (4) Раббыңың оған білдіруімен. (5) Сол күні, адам баласы, ғамалдары көрсетілуі түшін топ-топ келеді. (6) Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындей жақсылық істеген болса, ол оны көреді. (7) Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындей жамандық істесе, оны көреді. (8)

100-ҒАДЯТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Қатты ентігіп, шапқан, (1) (Тұяғынан) от шыгарған, (2) Таң сәріден шабуыл жасаған, (3) Тозаңдатып, шаңдатқан; (4) Сөйтіп жаудың ортасына кірген аттарға серт. (5) Шын мәнінде адам баласы Раббына тым нәстүкірлік етеді. (Қанағатсыз.) (6) Өйткені ол, езі де оған куә. (7) Сондай-ақ ол, байлықты өте жақсы көреді. (8) Ал олар білмей ме? қабырлардағылар қопарылып шыгарылған кезде, (9)

Кекіректегілер ашыққа шыгарылатын сэтте; (10) Ол күні Раббылары толық хабар алушы. (11)

101-ҚАРИФА СҮРЕСІ

Меккеде тұсken. Он бір аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Зор уақыға, (1) Ол, зор уақыға не нәрсе? (2) Ол зор уақығаның не екенін білесің бе? (3) Ол күні адам баласы тарапған паруанадай болады. (54-С. 7-А.) (4) Таулар түтілген жүндей болады. (5) Міне сонда біреудің таразысы ауыр тартса, (6) Онда ол, разы болатын бір тіршілікте болады. (7) Ал енді біреудің таразысы жеңіл тартса, (8) Онда оның орны "Һауя" болады. (9) Ол Һауяның не екенін білесің бе? (10) Ол, жалындаған от. (11)

102-ТӘКӘСҮР СҮРЕСІ

Меккеде тұсken. Серіз аят.



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Сендерді көбейтуде бәсекелесу айналдырыды. (63-С. 9-А.) (1) Тіпті қабырларыңа барғандарыңа дейін. (Өлгендеріңе дейін. Б.М.) (2) Жоқ олай емес. Тез білесіндер. (3) Тағы олай емес. Жуырда білесіндер. (4) Жоқ олай емес. Анық білген болсаңдар; (5) Элбette тозақты көресіндер. (6) Сонан кейін әрине көзben көресіндер. (7) Сол күні, (дүниеде берілген) әр нығметтен әлбette сұраққа тартыласындар. (8)